

Алғашқы көмек көрсету



Орындаған: Сапарәлі Айқыз
Биотехнология 308 топ

Жоспар

1. Алғашқы көмек жалпы түсінік
2. Тұрмыстық күйіктер
3. Тыныс алу жолындағы немесе өңештегі бөгде заттар
4. Көздің жарақаттануы
5. Алғашқы медициналық көмек көрсету әдісері

A photograph of an outdoor medical or emergency station. In the foreground, a person is lying on a stretcher on the ground. In the background, a person in a blue uniform stands near a desk with a computer monitor. A large blue poster is visible on the right side of the frame.

Алғашқы көмек — адам өміріне немесе денсаулығына кенеттен қауіп

төнгенде оның өмірін сақтап қалу үшін немесе апаттың зиянды әсерін азайту үшін қолданылатын қарапайым шаралар. Апаттың қатарына әр түрлі жарақаттар, сынық, буынның шығуы, улану, суға бату, күйу, үсу, электр тоғы

соғу, т.б. жатады. Алғашқы көмектің негізгі шаралары: апатқа түскен адамды апат әсерінен құтқару (өрттен, судан шығару); апаттың зиянды әсерін тоқтату (адамды жылыту, иіс тисе таза ауа жұтқызу); қан тоқтату, жараны байлау, сынған аяқтың немесе қолдың қозғалысын тежеу; жасанды дем алдыру, жүрекке жабық массаж жасау, апатқа түскен адамды тезірек емдеу мекемесіне жеткізу немесе жедел медициналық көмек көрсететін дәрігерлер тобын шақыру.

Тұрмыстық күйіктер

Белгілері: I дәрежедегі күйік: дене қатты қызарып, домбығады, дуылдап аурады.

II дәрежедегі күйік: қатты қызарған теріде көлкілдек бүршік пайда болады (сары сұйық жинақталады), ауру жанына қатты бата бастайды.

III дәрежедегі күйік: терінің түсі сары- қоңыр (тері жансызданады, некроз), ауруды сезіну үдейді, естен тану белгілері байқалады.


IV дәрежедегі күйік: терінің, бұлшық еттің және сүйектің қарайып кюі, ауруды сезіну белгілері үдейді, естен тану белгілері әлдеқашан байқалған.


Сенің әрекеттерің: - Кешіктірмей күйік себебін жойыңыз (мысалы жалынды сөндіру).

Денесінен тұтанған немесе ыстық май, су, химиялық зат сіңген киімді, ол теріге жабысқан жерлерін қалдырып, өзге жерлерін шеш. – Күйген жерді суық судың астында 10-15 мин (ағынды су) ұстаңыз. Егер дененің зақымдалған үлкен жерінің көлемі үлкен болса, оның үстін суық суға малынған ақжаймамен жабыңыз.

Салқындатқаннан кейін құрғақ таңғыш, дәкі немесе ақжайма қолданыңыз. Егер зардап шегуші есінен айрылмаған болса, оған суық су бер. Есіңде болсын! Күйген жерге қандай да бір май немесе крем жағуға, теріде пайда болуы мүмкін көпіршіктерді ашуға (жұқпалылардың ену қауіпі) болмайды. Күйген алаң онша үлкен болмаса (қызарған тері, көлкілдек бүршік) жергілікті жердің травпунктіне қарал.

Дененің күйген алаңы үлкен болған жағдайда "103-жедел жәрдемін" шақыр. Ақыр соңында, барлығы біршама тынышталды. Адамдар, шамалары келгенше ас дайындап, шай әзірледі. Кешкі тамақ ішіп, жылынуға әрекет жасады. Бірақ қозғалған жүйке әлі де қалпына келер емес. Мосқал ер адам, енді кепкен печеньемен, ол

- 
- Тыныс алу жолдарындағы немесе өңештегі бөгде заттар Белгілері: зардап шегуші мойнын ұстап, ештеңе айта алмайды, жан таласа дем алғысы келеді, ауа жетіспегенін сезінді, көгере бастады. Тыныс жолдары жарақаттанған кезде: шуылға ұқсас қатты жөтеледі. Сенің әрекетің: Бөгде затты тыныс жолдарынан шығару үшін ашық алақаныңмен жауырынның жоғары жағынан қағып ұру керек. Зардап шегушіден аузына саусағын салып зорланып құсуын талап ет, саусақты мүмкіндігінше терең салып өңешті тітіркендіреді. Тыныс алуы тоқтайтын болса, кешіктірмей жасанды тыныс алуды жүргіз. “103 - жедел жәрдемін” барынша жылдамдатып шақыр!



- **Көздің жарақаттануы**
Белгілері: көз жабылады немесе жыпылықтайды, ісінеді, қызарады, қатты ауырады. **Сенің әрекетің:** -Көзді немесе қабағын жаралап алған кезде көзді таза жұмсақ матамен жауып, таңғышпен қатты тартпай байлап қой. **Келесі көзді де жауып қой.** - Көз төңірегін ұрып алған кезде зақымдалған көзге суық компресс бас. - Көзге күйдіретін химиялық зат түскен кезде оны сумен ұзақ шаяды, ол үшін басты еңкейтіп, саусақтармен қабақтарды ашады. **Көзге қышқыл түскенде 10 мин бойы ағынды сумен шаяды, сілтілер түскенде - 15 минут, белгісіз химиялық зат түскенде - 20 минут.** - Көзге бөгде заттар түскенде өзбетіңмен көздің алмасына немесе мөлдір қабақтың төңірегіне түскен кішкентай затты алуға әрекеттенбе. Бұл жағдайда екі көзді де таңып таста. - Бөгде зат көздің ағына немесе қабақтың ішкі жағына түскен кезде мынадай амал жаса: көздің ағынан немесе қабақтың үстінен ылғалданған бет орамалдың ұшымен іліп ал. Егер сізге ештеңе көрінбесе, кірпікпен жетері қабақтың төменгі қабаққа көрейсің. Бұл түскен затты терішпен

АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ ӨДІСТЕРІ

Электр тогымен зақымданғанда көмек көрсету:

Токты ажырату (тарату тақтасындағы тумблерді өшіру). Зақымданған адамды электр тогының әсерінен электр тогын өткізбейтін қол астындағы материалдарды пайдаланып босату. Зақымданған адамды қарап шығып, оған зардабының ауырлығына байланысты көмек көрсету. Дәрігерді шақыру (мектептің медпунктінен, 103 жедел жәрдем телефоны бойынша немесе жақын жердегі емдеу мекемесінен) керек.

Күйген кезде көмек көрсету

Адам күйікке шалынған жағдайда: Ауырғанды басатын, тыныштандыратын дәрі (анальгин, валерьянка) беру керек. Күйген жерге дәрі (винилин) жағу керек. Күйген жараның бетіне микроб түспейтіндей етіп, алдымен целлофанмен орап алып, суық суда ұстау керек. Дәрігерді (мектептегі медпункттен, 103 жәрдем телефоны бойынша немесе жақын жердегі емдеу мекемесінен) шақырту керек.

Талып қалғандағы көмек көрсету

Адам талып қалған жағдайда: Талып қалған адамды төгіс жерге шалқасынан, басын солға бұрып жатқызу керек. Дәрігерді (мектептегі медпункттен, 103 жәрдем телефоны бойынша немесе жақын жердегі емдеу мекемесінен) шақырту керек.

Тынысы тоқтап қалғандығы көмек көрсету

Адамның тынысы тоқтап қалған жағдайда: Адамның аузын ашып тілін көру керек, егер тілі көмекейіне қарай түсіп кетсе – қолмен тартып шығарып қалыпты орнына келтіру керек; Дәрігерді (мектептегі медпункттен, 103 жәрдем телефоны бойынша немесе жақын жердегі емдеу мекемесінен) шақырту керек. Тыныс алуы қалпына келгенше немесе дәрігер келгенге дейін жасанды түрде тыныс алдырту (ауызды ауызға тақап) жасау керек.



Назарларыңызға рахмет!

